



Мектеп директорларына

Тұрар Рысқұлов ауданының білім бөлімі 2026 жылдың 6 қаңтардағы аудан әкімі Е.Есіркеповтың төрағалығымен өткен аппараттық кеңестің №1 хаттамасының 1 бөлімінің 1.3 тармағын орындау мақсатында.

Мектептердегі дабыл түймелері мен бейнебақылау жүйелерінің үздіксіз және талапқа сай жұмыс жасауына 2026 жылдың 08-09 қаңтар күндері зерделеу жұмыстарын жүргізілетінің ескертіледі.

Қосымша: 1 парак

Басшының м.а



Б.Самылтыров

Орындаған А.Маджит
Тел: 87478982499

Документ
автор: Асман А. Н.

Аудан әкімі Е.Есіркеповтың төрағалығымен
өткен аппараттық кеңестің хаттамасы
№1

Құлан ауылы

6 қаңтар 2026 жыл

Төрағалық етуші: Е.Есіркепов – аудан әкімі
Қатысушылар: тізім бойынша

I. Кәмелет жасына толмағандар арасындағы құқық бұзушылық және оқу жылының III-тоқсанына дайындық барысы туралы

(Б.Самылтыров)

1. Аудан әкімінің орынбасары Б.Тұрсынбек, аудандық білім бөлімі басшысының у.м.а. Б.Самылтыров (келісім бойынша-жинақтау), аудандық полиция бөлімі Е.Түменбаев, ауылдық округ әкімдері, заң талаптарына сәйкес:

1.1. Түнгі уақытта жүргізілген рейд барысында тиым салынған орындарда (көше, тойхана, қоғамдық орындар және т.б.) жүрген кәмелет жасына толмаған оқушыларға қатысты құқықбұзушылық фактілері бойынша олардың ата-аналарымен профилактикалық шаралар жүргізіп, жиналыс ұйымдастырсын.

Орындалу мерзімі: 20 қаңтар 2026 жыл, әрі қарай тұрақты.

1.2. Кәмелет жасына толмаған оқушылардың қоғамдық орындарда, соның ішінде тойхана мен асханаларда заңсыз жұмыс істеу фактілеріне байланысты кәсіпкерлік нысандарға тиісті тексеру жұмыстарын жүргізу үшін еңбек инспекциясына ресми хат жолдансын.

Орындалу мерзімі: 12 қаңтар 2026 жыл.

1.3. Мектептердегі (39 мектеп) дабыл түймелері мен бейнебақылау жүйелерінің (544 дана бейнебақылау камерасы) үздіксіз және талапқа сай жұмыс жасауына зерделеу жұмыстарын жүргізіп, анықталған кемшіліктер бойынша тиісті басқармаға шара қолдану бойынша хат жолдасын.

Орындалу мерзімі: 12 қаңтар 2026 жыл.

1.4. Аудандық білім бөлімі құрылыс саласына жауапты инженер маманын Қ.Сәтбаев атындағы орта мектебіне қызметтік негіздегі іс-сапарға жіберіп, жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстарының сапасын бақылауды қамтамасыз етсін.

Орындалу мерзімі: 6 қаңтардан бастап құрылыс жұмыстары аяқталғанға дейін.

1.5. Білім беру мекемелерінде білім алушыларды тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету барысында сыбайлас жемқорлыққа жол берілмеуін және ашық бәсекелестіктің қамтамасыз етілуін бақылауда ұстасын.

ЖАМЕЛЕТ ОҚУШЫ
"Т.РЫСКҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ"
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
КІРІС № 2
8 01 20 26 ж.